

## **Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты**

### **2024 қабылдауы үшін құрастырылған 6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының мазмұнын талдау**

6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ мазмұнында соңғы жаңарту бойынша (15.03.2023) 47 пән қамтылса, 2024 жылғы қабылдау үшін құрастырылған ББ мазмұнын 43 пән құрады.

ЖБП ТК «Кәсіпкерлік негіздері» пәні «Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық» болып өзгертілді; Педагогтың кәсіби даярлығы модулі БП ТК «Білім берудегі менеджмент» пәні «Білім берудегі психология» пәні болып атауы өзгертілді; «Педагогикалық кәсіпке кіріспе» ЖК пәні алынып, Фундаментальды даярлық модуліне «Хандық дәуір әдебиеті» БП ЖК қосылды.

ББ мазмұны 2,32 пайызға жаңартылды: 43 пәннің (1 пән алынып, 1 жаңа пән енгізілді, 2 пәннің мазмұны толықтырылды).

Қоғамдық пәндер модуліндегі ЖБП ТК «Кәсіпкерлік негіздері» пәні «Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық» және БП ЖК «Білім берудегі менеджмент» пәні «Білім берудегі психология» пәндерінің атаулары өзгертіліп, мазмұны толықтырылды.

ББ бойынша 8 оқу нәтижесінің 1 нәтижесі толықтырылды (12,5пайыз).

(ОН5) (ОН5) кәсіби салада экологиялық мәдениет, тіршілік қауіпсіздігінің теориялық және практикалық негіздерін сыни тұрғыдан қолданады, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлап жүргізеді; ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастыру дағдыларын меңгереді; экономика, кәсіпкерлік, құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласындағы жан-жақты дамыған тұлға ретінде білімдерін көрсетеді.